

7 декабря 2012 года на базе ЗКГУ имени М.Утемисова была проведена областная научно-практическая конференция на тему «Роль информационных технологий обучения в повышении качества образования».

Роль информационных технологий в учебном процессе

Цель конференции: обсуждение вопросов развития информационных технологий обучения как одного из направлений, обеспечивающих повышение качества образования.

Основные направления:

Пути решения проблем в современном обучении информатике.

Применение информационных технологий в профессиональном обучении.

Основные направления информатизации обучения.

В работе конференции приняли участие учителя сельских и городских школ Западно-Казахстанской области, студенты выпускных курсов специальностей «Информатика» и «Информационные системы».

В рамках конференции проведены пленарное и секционные заседания. На пленарном заседании были заслушаны доклады по следующим темам:

1. «Құзыреттілікке бағдарланған оқытуды сапалы жүргізу жолдары» (докладчик - Медешова А.Б, доцент, к.п.н.);

2. «Химия сабағында АКТ пайдаланудың білім сапасын арттырудағы рөлі» (докладчик- Аманғалиева А.М., учитель химии школы №30 г.Уральска);

3. «Использование ИКТ в урочной и внеурочной деятельности учащихся» (докладчик - Жигалина С.В., учитель информатики школы-лицея №35);

4. «С++ BUILDER ОБП тілінде мультимедиялық жоба жасау» (докладчик - Мухамбетова Г.Г., старший преподаватель кафедры информатики).

Также была организована выставка программных продуктов, электронных учебно-методических изданий и дидактических материалов, учебно-методических комплексов и изданий,



инновационных технологий и методик участников конференции, некоторые из которых были продемонстрированы в ходе конференции.

В целом, в ходе конференции, как на пленарном заседании, так и на секционных заседаниях, высказывались достаточно интересные мнения и предложения по всем актуальным вопросам применения информационных технологий обучения для повышения качества образования.

По итогам конференции планируется издание сборника научных трудов, включающих научные статьи, тезисы докладов и сообщений участников конференции.

А.А.ХАМЗИНА,

преподаватель кафедры информатики

«Ашық есік» күнінде



Герике атындағы университеттерде оқып келген студенттер өз әңгімелерімен бөлісіп, университетте осындай мүмкіндіктердің бар екенін айтып, оқушылардың қызығушылығын тудырды. Содан кейін оқушылардың көкейінде жүрген сұрақтар талқыға салынды. Кездесу соңы «Махамбет» ақпараттық технологиялар паркіне саяхат жасаумен жалғасты. Оқушылар заман талабына сай ақпараттық коммуникативтік технологиялармен жабдықталған кабинеттермен танысып, таң-тамаша болып, үлкен әсермен тарасты.

Өздерінің алтын ұя мектептерінен қанат қақпалы тұрған түлектерге, көздеген мұрат-мақсаттарыңызға қол жеткізіп, келешегіңіз кемел, болашағыңыз нұрлы болсын демекпіз!

Зухра МАКСИМҚЫЗЫ,

информатика кафедрасының оқытушысы

Күні ертең мектеп қабырғасынан түлеп ұшып, үлкен өмірге қанат қақпалы отырған түлектер үшін өз таңдауын жасауына бүгінде мүмкіндік мол-ақ. Бұл дегеніңіз, ел болашағының іргетасын бекіте түсер жастарымыздың білімді де білікті, заман талабына сай қабілетті болып есеюін алдымен ескеріп, ұдайы назарда ұстап отырған Елбасымыздың, мемлекетіміздің жасампаз, жарқын істерінің айқын айғағы десек болар. Бұл тұрғыда еліміздегі жоғары оқу орындарының алыс ауылдық аймақтарға дейін өз өкілдерін жіберу арқылы өнер-білім қуған талапты жастарымызды өз оқу ордаларында білім алуға шақырып, үгіт-насихат жұмыстарымен бірге талапкерлердің тарапынан туындаған сан сауалдарға нақты жауаптарын да беруі құптарлық қадам болуда. Осы орайда желтоқсан айының 12-сі күні университетімізде «Ашық есік күні» оздырылды. Жиылған қала мектептерінің 11-ші сынып оқушылары №1 ғимараттың акт залында бас қосып, аталмыш оқу орнының өлемнің үздік университеттерімен әріптестігі, ондағы халықаралық білім беру бағдарламалары, жоғары білікті әрі тәжірибелі оқытушылар дәрісі, заманауи оқу және ғылыми инфрақұрылымның жұмыс жасауы, оқуға дайындау орталығы атқаратын қызметтер, студенттерге деген мүмкіндіктер мен міндеттер төңірегінде ақпарат алды. Жүздесу барысында сондай-ақ университет өмірінен арнайы дайындалған бейнефильм де назарға ұсынылып, концерттік бағдарлама қойылды. Мұның бәрі өз кезегінде жігерлі жастар тарапынан үлкен қызығушылық туғызып, талаптарын ұштай түскеніне сөз жоқ.

Концерттік бағдарламадан кейін «Ашық есік күні» факультеттердің дайындаған бағдарламаларына ұласты.

Мектеп оқушыларына сый-құрмет көрсетуде физика-математика факультеті деканымен бірге ұжым да құр қалмады. Факультет деканы А.Б.Медешова «Қош келдің» айтып, өзінің әсерлі үнімен, дана ойымен оқушыларды баурап алды. Оқушылар назарына факультет тарихы, мамандықтары жайында бейнебаян көрсетілді. Академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Польшаның Быдгощ қаласындағы Ұлы Казимир, Ресейдің Элиста қаласындағы Қалмақ және Германиядағы Отто фон

Новости

12 декабря в ЗКГУ им. Махамбета состоялся День открытых дверей для учащихся одиннадцатого класса школ Западно-Казахстанской области.

Организаторы – сотрудники Центра карьеры, представители всех факультетов университета – сделали все, чтобы как можно больше рассказать школьникам о ЗКГУ.

Бригада преподавателей университета в ноябре 2012 года с профориентационной работой побывала в Бокейординском, Жанибекском, Зеленовском, Бурлинском районах Западно-Казахстанской области, 5 декабря посетили пять средних школ г.Атырау.

После презентации университета и демонстрации фильма об истории вуза для будущих выпускников был дан концерт. По окончании концерта школьники были приглашены на ознакомление с выбранными факультетами.

7 декабря состоялась презентация клуба девушек ЗКГУ «Томирис». В университете проходит немало различных мероприятий, есть активные участники, признанные таланты, блистающие на университетской, и не только, сцене. Имена их у всех на слуху. Но, как оказалось, есть девчата, коих большинство в нашем вузе, не из числа активистов, но также желающих делиться своими умениями.

Около сорока девчонок собрала и организовала студентка филфака Жанерке Тапаева. По словам декана филологического факультета Карлыги Таскалиевны Утегеновой, Жанерке в течение целого года вынашивала идею создания своего девичьего клуба. Результат превзошел ожидания – обычные девчонки блистали на сцене. Самодельный концерт, показавший щедрость души этих молодых леди, порадовал своих друзей. Девушки пели, танцевали, играли на музыкальных инструментах, а открыли концерт юмористической сценкой про сердечные переживания из жизни студентов.

Документальный фильм «Пробуждение» студии «Новый мир», автором идеи которого является Алия Назарбаева, вызвал широкий резонанс в студенческой среде. Создатели фильма объявили конкурс творческих студенческих работ – эссе на экологическую тему, в котором активно приняли участие студенты нашего университета.

27 ноября в ЗКГУ, в торжественной обстановке, PR-менеджер студии «Новый мир» Мурат Болатович Исханов вручил сертификаты всем студентам, принявшим участие в конкурсе.

Идея возвращения к природе, к истокам, витает давно. Покидая свои уютные благоустроенные квартиры в больших и малых городах, люди уходят жить поближе к природе, создавая экологические поселения. Смысл казахстанских идеологов экопоселений – не в уходе от действительности, а в приближении современной жизни к природе, создании «зеленой экономики» без отказа от достижений современности.

«Сәттілік дженгельмені»



Экономика және басқару факультетінде «Есеп және қаржы» кафедрасының оқытушысы М.Н.Медуеваның ұйымдастыруымен М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың 80 жылдығына және халықаралық студенттер күніне орай «Сәттілік дженгельмені» атты сайыс өткізілді. Бұл ұйымдастырылған іс-шараның орны ерекше. Себебі, шығыс философы Әбу Насыр әл-Фарабидің айтуынша, «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», студенттер арасында осындай тәрбиелік мәні бар шараларды ұйымдастырудың нәтижесі де соғұрлым жемісті болмақ. Кеш студенттерді жігерлік пен ұстамдылыққа, тапқырлық пен ақылдылыққа, ізгілік пен ісмерлікке, әдептілік пен әдемілікке тәрбиелеу мақсатын көздейді.

Сайысқа факультетіміздің 5 жігіті қатысып, 6 турдан тұрған сайыста өнерлері мен шығармашылықтары бойынша өзара сынаға түсті.

Сайыс барысында жасөспірім жігіттер ән де айтып, би де биледі, домбырада күмбірлете күй де ойнай білді және тамақ дайындауда жігіттер өз қиялына қарай әр түрлі тағам түрлерін тез әрі дәмді етіп дайындаса, әртістердің бейнесін сомдаумен өздерін тағы бір қырларымен танытты. Сахналық композицияланған көріністер көрермен қауымның көңілінен шығып, оларға зор қошемет көрсетілді.

Әділқазылар алқасының төрайымы Альфия Жалелқызы сайыстың жоғары дәрежеде өткендігін айтып, жылы лебізін білдірді. Әділқазылар алқасының шешімімен I орынға Өтеген Аян ие болса (2курс), II орынды Асқар Ақжол қанжығасына байлады (1курс), III орын Кубашев Нұрланға (1курс) бұйырды. Сонымен қатар, сайысқа белсене қатысқаны үшін Сериков Мирас «Өнерлі жігіт», Ануаров Мирас «Тапқыр жігіт» номинациясымен марапатталды.

Барлық қатысушыларға естелік сыйлықтар берілді. Сайыс көпшіліктің көкейінен шықты және осындай жоғары деңгейде ұйымдастырылған байқаулар, мәдени шаралар жалғасын табады деген сенімдеміз.

Назима ОРАЗҒАЛИЕВА,

экономика және басқару факультетінің 2 курс студенті

Экономика - танымы терең сала

Экономика және басқару
факультетінің Жаршысы



№8, қараша-желтоқсан 2012 жыл

Ұлттық валюта - Тәуелсіздіктің негізі

1993 жылы 15 қарашада ҚР ұлттық валютасы - теңге айналысқа енгізілгендіктен, осы күнді ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев 1997 жыл өз жарлығымен 15 қараша қаржыгерлердің кәсіби мерекесі деп жариялады. Осыған орай 15 қарашада Батыс Қазақстан Облыстық тарихи өлкетану мұражайында «Ұлттық валюта – Тәуелсіздіктің негізі» атты тарихи тағылымды шара өткізілді.

Шараға «ҚР Ұлттық банкі Батыс Қазақстан облыстық филиалының директор орынбасары Г.К.Сатыбалдина және қызметкерлері В.С.Хайрлиева, Г.Қ.Салкулова, Е.О.Аханов, «БТА банк» АҚ БҚО филиалының директор орынбасары А.А.Себеменов, «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорының қызметкерлері Қ.Е.Ахмедьяров пен Б.Ө.Салиев және М.Өтемісов атындағы БҚМУ экономика және басқару факультетінің қаржы мамандығының 1, 2, 3 курс студенттері қатысты. Шақырылған қонақтар студенттерге ұлттық валютамыз - теңгенің айналысқа енгізілу тарихын, банкноттар мен монеталардың шығарылуын, еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі банк жүйесінің дамуын егжей-тегжейлі түсіндірді. Шара барысында Ұлттық банк қызметкерлерінің ұйымдастырған викториналық сұрақтарына студенттер жауап беріп, өзінің білімі мен ұтырлықтарымен көзге түскен Бердібаев Тоқтар, Елеусізова Ләззат, Тұманбаева Шырайлым Ұлттық банктің облыстық филиалының директоры Борис Ізбасаровтың мақтау қағаздарымен марапатталды. Өзге де белсенді студенттерге Ұлттық банктің 2012 жылғы 2 қарашада шығарылған, пластикалық термовакуумға оралған «Қазақстанның қалалары» атты ескерткіш монеталары сыйлыққа берілді. Ал мұражай қызметкерлері студенттермен «сиқырлы сандар сыр шертер» тақырыбында мақал-мәтелдер жарысын өткізіп, көзге түскен студенттерді сыйлықтармен марапаттады.

Шара соңында Ұлттық банктің мұражайынан әкелінген жәдігерлері қойылған тақталарды тамашалап, студенттер банк жүйесінің дамуы, Ұлттық валютамыз теңге жайында теория жүзінде ғана емес, іс жүзінде де қызықты деректер алып қайтты.

Махаббат НҰРЛАНҚЫЗЫ,
есеп және қаржы кафедрасының оқытушысы

■ Қаржыгерлердің кәсіби мерекесіне орай

14 қараша күні «Есеп және қаржы» кафедрасының ұйымдастыруымен қаржыгерлердің кәсіби мерекесіне орай «ҚР қаржы нарығының қазіргі ахуалы мен даму перспективалары» атты дөңгелек үстел болып өтті. Шараға өңіріміздегі қаржы саласында елеулі еңбектері бар мамандар – э.ғ.к., «ҚР Ұлттық банкі» БҚО филиалының директор орынбасары Г.К.Сатыбалдина, э.ғ.к., «Ресей Жинақ Банкі» АҚ БҚО филиалының директоры А.Н.Бурахта, «Қазпочта» АҚ-ның трансфер-агенттік бөлімінің бастығы Ж.Ш.Габдуллиева шақырылды.

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНЫҢ



БҮГІНГІ ЖӘЙІ МЕН ДАМУЫ

Ғалия Камшатқызы «ҚР Ұлттық банкінің» жүргізіп отырған ақша-несие саясатын толық баяндай отырып, зейнетақы жүйесін жетілдіруге банк басшылығы тарапынан келтірілген ұсыныстарды түсіндіріп өтті, студенттердің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап берді. А.Н.Бурахта «Қазіргі банк жүйесіне енгізілген жаңа өнімдер» туралы ақпараттар беріп, олардың қызметтері туралы толық мағлұмат берді. Ал қазіргі қаржы жүйесіндегі халық назарында жүрген көкейтесті мәселенің бірі – «Халықтық IPO» туралы баяндамасымен Жұмағаз Шайдоллақызы көңіл толарлық

ақпарат берді. Оның артықшылықтары мен тәуекелдері туралы нақты мысалдар келтіре отырып баяндады. Студенттер өз ойларындағы сұрақтарын қойып, оған тұшымды жауап алып, мазмұнды мәнге ие мұндай дөңгелек үстелдердің жастар үшін маңызды әрі пайдасы мол екендігін сөз етті.

Келген қонақтар да студенттердің ынтық-ықпалдарына, өз мамандықтарына деген қызығушылықтарына тәнті болып, болашақта елдің қаржы тұтқасын ұстар білікті маман болуларына тілектерін білдірді.

Ұлттық валюта — МАҚТАНЫШЫМЫЗ

14 қараша күні «Есеп және қаржы» кафедрасының оқытушысы М.Н.Медеуованың ұйымдастыруымен М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың 80 жылдығына және 15 қараша – ұлттық валюта күніне орай «Ұлттық валюта - мақтанышымыз» атты интеллектуалды сайыс өткізілді.

Ойынға экономика және басқару факультетінің «Қаржы» мамандығының студенттерінен құралған «Намыс» командасы және өзге де оқу орындарының «Қаржы» мамандығының 2, 3 курс студенттерінен құралған «5 теңге» құрамасы (Орал гуманитарлық колледжі), «Валюта» құрамасы (Орал қаржы-экономикалық колледжі), «Теңге» командасы (экономика және ақпараттық технологиялар колледжі) және «Реверс» командасы (Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық колледжі) қатысты. Ойынның алғашқы турында валюта, ақша, банк тақырыптарына арналған сұрақтарға студенттердің білімдері теориялық тұрғыдан тексерілсе, екінші туры ұлттық валюта - теңгенің шығу тарихы мен ұлттық банк қызметіне арналған сұрақтардан тұрды. Ал үшінші туры БҚМУ тарихы мен даму жолдарына арналған сұрақтардан құрастырылды. Колледж студенттері де өз білімдерінің жоғары екенін

дәлелдеп, үш тур қорытындысы бойынша экономика және ақпараттық технологиялар колледжінің студенттері 1-орын алып, БҚМУ «Қаржы» мамандығының 2 курс студенттері 2-орын алса, қалған колледж студенттері тең дәрежедегі білімдерін көрсетіп, тең ұпаймен 3-орынды қанжығаларына байлады.

Бұл сайыс колледж студенттерінің университетпен және экономика және басқару факультетімен жақынырақ танысып, «Қаржы» мамандығы бойынша жоғары білім алатын оқу ордасын таңдауда артықшылық беруге зор мүмкіндік болғаны белгілі. Ойын соңында осы колледждермен жыл бойы негізгі пәндер бойынша ынтымақтастық орнатып, алдағы уақытта да осындай шараларда кездесіп отыру жоспарланды.

Альфия ЖАЛЕПҚЫЗЫ,
экономика және басқару факультеті
деканының орынбасары



ТҮЛЕКТЕРДІҢ БАСҚОСУЫ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 80 жылдығына және 15 қараша қаржыгерлердің кәсіби мерекесіне орай экономика және басқару факультетінде 10 қараша күні «Есеп және қаржы» кафедрасының ұйымдастыруымен «Аймақтың қаржы-банк жүйесін дамытудағы БҚМУ-дың түлектерінің қосқан үлесі» тақырыбына арналған экономика және басқару факультетін бітіруші түлектердің қатысуымен ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті.



Конференцияға факультетті әр жылдары бітіріп, қазіргі таңда облысымыздың қаржы саласында қызмет етіп жүрген түлектер - облыстық қаржы басқармасының бас маманы Қуанышқалиев Руслан, «Жайық Пресс» ЖШС-ның бас маманы Медет Ахсанов, «ҚР Ұлттық банкі» БҚО филиалының маман-экономисі Габдушев Артур, облыстық туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының туризм әдіскері Қалабаева Миргүл, «Евразия» академиясының оқытушысы Тажкенов Нұрлыбек, «Альянс банкі» облыстық филиалының менеджері Қушмуханбетов Азамат, «АТФ Банкі» облыстық филиалының менеджері Тасқарин Алибек, облыстық қаржы басқармасының маманы Мукаева Манаргүл, т.б. бас қосты.

Түлектер өздері қызмет жасап жатқан салалары бойынша баяндамалар жасап қана қоймай, студенттік кездерінің қызықты сәттерін еске ала отырып, студенттермен ашық әңгімелесті. Болашақта қаржы, банк саласы бойынша қызмет етем деген студенттерге қай пәндерді назар аударып, мән беріп оқулары керектігі жөнінде өздерінің ақыл-кеңестерін де айтып өтті.

Шара соңында түлектер өздеріне білім берген оқытушылар құрамын құттықтай отырып, үлкен өмірге жолдама бергендері үшін алғыстарын жеткізді.

М.Н.МЕДЕУОВА,
есеп және қаржы кафедрасының оқытушысы

Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!

Учи все языки, родной цени навики!

Learning foreign languages, respect your mother tongue!

Қадыр Мырза Әлі



ПОЛИГЛОТ

Халықаралық көптілді білім беруді дамыту орталығының жаршысы
№3, қараша-желтоқсан, 2012 жыл

POLYGLOT

Жер бетінде университет секілді қастерлі орын сирек. Университет - адамдар зердесінде ұшқын атып, жалын шашып, мәңгілік маздап тұрған Прометей оты.

Қазақтың Қабдоловы

Жүрекжарды тілек

Салта, өрле, құлашыңды кеңге Жай, аялы Университетім!

Университет – ұлағатты ұстаздар ұстаханасы. Университет – өрелі өнегеліктің, өскелең өнерліліктің тұнбасы. Университет – танымы тереңге бойлаған, тағылымы балғын жасты ойланпай қоймаған, ғибраты шексіз киелі білім ордасы. Қасиетті ілім ошағы ғалым-ұстаздарының ғылыми табысы - ұлттық құндылық қазынасы. Ел тұтқасы Елбасының ел еңсесін еселеп арттырар ұлы жобаларына университет түлектері телегей-теңіз үлес қосқай! Әріптестеріміздің бәсекеге қабілетті көптілді тұлға баулуға олжалары мол болғай! Университет студенттері білім көгінде қалқып, арман биігінде шалқып, келешекке нық сеніммен аттағай! Университет түлектері өз жерін, елін, Альяма-Матерін құлай сүйер шынайы нағыз патриот тұлғалар болғай! Жаса, Университетім! Алға, Университетім!

Университет – знаменитая кузница одаренных, талантливых наставников. Университет – искусный дворец великих знаний и учений, научных достижений ученых-преподавателей, чьи назидания бесконечно святы. Университет воспитывает полиязычную конкурентоспособную личность, выпускает востребованных высокообразованных специалистов, которые являются достойным примером для будущего поколения.

Уважаемые коллеги, мы гордимся высокими и успешными достижениями университета и желаем творческих сил, новых

открытий, высочайших достижений и, конечно, же крепкого здоровья. А студентам университета желаем осуществления своих планов и достижения великих вершин в области образования. Пусть выпускники университета будут настоящими патриотами искренне любящими свою родину, страну и Альяма-Матер. Вперед, университет, к вершинам успеха!

University - is a famous forge of gifted, talented leaders. The university is a palace of knowledge and teaching, scientific achievements of teacher scientist, whose edifications are forever saint.

The university educates many-languaged competitive personality, produces popular highly educated specialists.

Dear partners, we are proud of the high and successful achievements of the university and we wish creative forces, the highest achievements and of course robust health. A students of the university we wish to carry out their plans and great peaks in the field of education. Forward the university, to the heights of success!

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,

Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі

Студент! Келіңіз, тіл үйренейік!

1-сабақ (1-урок): «Сәлем – сөздің анасы»

Сәлеметсіз бе! - Здравствуйте! - **How do you do!**

Сәлем! - Привет! - **Hello!**

Қайырлы таң! - Доброе утро! - **Good morning!**

Қайырлы күн! - Добрый день! - **Good day!**

Қайырлы кеш! - Кеш жарық! - Добрый вечер! - **Good evening!**

Сау болыңыз! - До свидания! - **Good bye! Bye!**

«Полиглот» жаршысының тіл үйрету курсы жүргізуші **Алтын Имағамбетова**, орталық әдіскері.

P.S. Осы жылдың желтоқсан айының алғашқы аптасынан бастап, студенттер үшін, жаңа 2013 жылдың қаңтар айынан бастап, оқытушылар үшін ағылшын тілін үйрету курстары басталады. Келіңіз, жазылыңыз! Тегін!


ХКББДО

Жаңа кезең үрдісінің үдесінен шыға білейік

Тіл – ұлттың ұлттығын ерекшелейтін басты нышан. Еңбектерге сүйене айтсақ, көптілділік, мультилингвизм, полилингвизм нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірдей ұш, одан да көп тілде сөйлеу білушілік.

Меніңше, білім беру саласындағы көптілділік Қазақстанның дамуындағы жаңа кезең. Көптілділік – болашақ дамудың басты әлеуметтік бағыттарының бірі. Көптілділік өз тілін, елін, жерін, өзге тіл біліп, үйреніп, өзге елге танытудың мүмкіндігі. Өз тілінді білу, ұмытпау, қастерлеу – парыз, ал өзге тілді үйрену міндет.

Қадірлі құрбылар! Ана тілімізді қастерлей білейік, өзге өнегелі елдің мәдениетін тілдерін меңгеру арқылы игерейік!



Жұпар МЫРЗАМАДИНА,
02302-топ

Важно лишь иметь желание



Зачем нужно изучать иностранные языки? Каждый даст свой ответ на этот вопрос. Кому-то нужно продвигаться в учебе или по работе, кто-то делает это «для души». А некоторым с рождения досталась способность на лету схватывать иностранные слова и выражения. Каковы бы ни были причины, ясно одно: знание не только родного, но и других языков обязательно поможет человеку. Ведь и язык, и общество тесно взаимодействуют друг с другом. Лишь только изучив, хотя бы

на разговорном уровне, другой язык, мы начинаем понимать чужую культуру, ту жизнь, которую мы раньше не могли понять. Сознание этого дает стимул учиться дальше и познавать что-то новое.

В моём университете открылся Международный центр развития полиязычного образования. Центр проводил конкурс выразительного чтения на разных языках. Мне посчастливилось участвовать в нем и занять первое место за чтение на английском, французском и японском языках. Также победителями стали девушки, читавшие на казахском и немецком языках. Признаться, я свободно не говорю ни на одном языке, кроме русского. Но в человеке главное – стремление к знаниям. Благодаря Центру многие студенты могут посещать курсы английского языка. Я самостоятельно изучала французский и японский языки. Но в одиночку если рядом нет профессионалов и носителей языка очень сложно достичь высокого уровня знаний. Как утверждает Аврелий Августин: «Для изучения языка гораздо важнее свободная любознательность, чем грозная необходимость». Поэтому, когда я изучаю тот или иной язык, мною движет любознательность. Если человеку придется делать что-то против своей воли – толку не будет. Только тот язык будет благозвучным, который ты выучил по желанию, с приятной усталостью после каждого занятия. Сейчас я уверена, что смогу еще больше углубиться в изучение тех языков, которые мне интересны. Никогда не помешает знать чуточку больше, чем среднестатистический человек. Я лично хочу сразу понимать, о чем поют Led Zeppelin, U2 и Metallica, смотреть фильмы без перевода и субтитров. Хочу ездить по странам и не чувствовать языкового барьера, не стесняться разговаривать с новыми людьми, не бояться быть непонятой. По-моему, каждый был бы рад этому и горд собой. Важно лишь иметь желание, упорство, трудолюбие. И я говорю это сейчас не с целью пропаганды изучения языков – нет. Это дело каждого человека – кому-то достаточно знать лишь государственный язык. Но я на себе проверила: наличие хотя бы базовых знаний английского языка (ведь он – самый распространенный) позволяет немного по-другому взглянуть на речь тех, кого, как раньше казалось, совершенно невозможно понять. И это здорово!

Анна Криуля,
ер. 03107

Полиязычие – это необходимость

Одной из важных задач любого учебного заведения является приобщение подрастающего поколения к универсальным, глобальным ценностям, формирование у детей и подростков умений общаться и взаимодействовать с представителями соседних культур и в мировом пространстве. Наряду с казахским языком, имеющим статус государственного, и русским — языком межнационального общения, важным средством, несомненно, выступает иностранный язык.

Трёхязычие – это необходимость, о которой говорил в своем Послании Глава нашего государства. Эту задачу мы должны решать с раннего детства. В этой связи я хочу привести слова Олжаса Сулейменова, который сказал: «Язык – не данность от отца и матери. Язык в своем тысячелетнем существовании претерпел тысячи контактов, от этого стал ярче, богаче, и любой патриот своего языка должен стремиться к такому многообразию контактов». Можно сказать, что любой патриот своего языка должен стремиться к тому, чтобы овладеть как можно большим количеством языков. Задачи, поставленные Президентом о трёхязычии, являются актуальными именно в наше время: знать казахский язык, русский и английский.

Полиязычие и полиязычное преподавание иностранных языков — абсолютная необходимость, веление времени, поскольку весь мир полиэтичен, полилингвистичен. И в решении главной проблемы современного мира — согласия и взаимопонимания между людьми, преодоления трудностей межэтнического общения, межкультурной коммуникации может способствовать в большей мере и в большей степени именно сохранение и поддержка ситуации полиязычия в каждом государстве и в отношениях между государствами.

Полиязычие рассматривается как действенный инструмент подготовки молодого поколения в условиях взаимосвязанного и взаимозависимого мира. Полиязычие - это необходимость для каждого человека.



Галина Беделева,
ер. 07102